

Кондитерлік бұйымдардың кейбір түрлерінің импортына уақытша қорғау шараларын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 850 Қаулысы

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі нарықты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес кондитерлік бұйымдардың кейбір түрлерінің импортына 2009 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде кедендік құнының 28 пайызы, бірақ 1 килограмм үшін 0,3 еуродан кем емес мөлшерде уақытша қорғау шаралары е н г і з і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті кедендік баждың қолданыстағы ставкасының үстінен алынатын осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уақытша қорғау шараларын депозитке салсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетін Қазақстан Республикасының уақытша қорғау шараларын енгізгені туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

8

м а у с ы м д а ғ ы

N 8 5 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, оларға қатысты уақытша қорғау баждары енгізілетін тауарлардың тізбесі

Өнімнің атауы	ҚР СЭҚ ТН бойынша коды
Құрамында какао жоқ, ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ мұз кәмпиттен жасалған карамель	1704907100
Тоффи, карамельдер және құрамында какао жоқ соған ұқсас тәттілер	1704907500
Құрамында алкоголь бар, ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ шоколадты кәмпиттер	1806901100
Ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ өзге шоколадты кәмпиттер	1806901900
Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ мұз кәмпиттен жасалған карамель	1806905001

Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: тоффи, өзге де карамельдер және соған ұқсас тәттілер	1806905002
Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: өзгелері	1806905009

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК